



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

№38 (1862)  
21 қараша  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебі өкілдерімен кездесуі нәтижесінде ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол жеткізді.

## Пенсильвания университеті білімгерлерді шақырады



Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебі деканының орынбасары Стивен Барнс ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен арнайы жүздесті.

Құрметті қонақ ҚазҰУ-дың білім деңгейін жоғары бағалады. 2023 жылдың сәуір айында Стивен Барнс арнайы шақырылған шетелдік ғалым ретінде ҚазҰУ студенттері үшін «АҚШ-тың құқықтық жүйелеріне кіріспе» атты алғашқы онкүндік курсы өткізеді. Келесі жылдары Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің (Халықаралық қатынастар мектебі) профессорлары қатарынан шетелдік ғалымдарды тарту жоспарлануда.

ҚазҰУ-дың үздік студенттері мен түлектері Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінде «Құқық магистрі» стипендиялық бағдарламасы бойынша білім ала алады. Осы мақсатта құны 35 мың доллардан 54 мың долларға дейінгі әртүрлі бағдарламалар бойынша 11 оқу гранты бөлінді. Сонымен қатар америкалық әріптестер студенттерге 2023 жылдың күзгі семестріне оқу ақысы 54 000 долларға дейінгі студент алмасу бағдарламасы бойынша екі орын берді. «АҚШ заң жүйесіне кіріспе» атты тегін 10 күндік курс, сондай-ақ бес жылдық мерзімге ынтымақтастық туралы меморандумға (MOU) қол қойылатын болады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## Университет жас ғалымы Президентке өз жобасын таныстырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің инженері, PhD докторы Алдияр Ағышев ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыда студенттермен және жас ғалымдармен өткен кездесуіне қатысып, сөз сөйледі.



Кездесу барысында Президент елдегі ғылым мен жоғары білімнің дамуына баса назар аударды.

«Ғылым алып индустрияға айналды. Бұл сала бүкіл экономиканы жаңа деңгейге көтеретін сектор ретінде қалыптасып келеді. Біз осы әлемдік үрдістен шет қалмауымыз керек. Еліміз талай жыл бойы негізінен мұнайға арқа сүйеп келді. Бірақ қазір заман басқа. Табиғи байлықтың емес, адам капиталының маңызы артқан дәуірге қадам бастық», – деді Мемлекет басшысы.

Жүздесуде ҚазҰУ-дың жас ғалымы бүгінгі күні ғалымдарға, ғылым саласына мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсе-

тіліп отырғанын айта келе, оқу орнында қолға алынған жобаны таныстырды.

«Біздің жоба – нанокөмірді суперконденсаторларды әзірлеу технологиясы, яғни отандық аккумуляторларды даярлап, қолданысқа енгізу. Аталған конденсаторлар автокөліктердің аккумуляторларының баламасы ретінде ұялы телефонды және өзге де тұрмыстық техникаларды жаңаша қуаттандыруға пайдалануға мүмкіндік беретін болады», – деді ол.

Зерттеушінің айтуынша, отандық өнімнің ерекшелігі – әдеттегі аккумуляторларға қарағанда салмағы жеңіл, жұқа

және қолданылу мерзімі ұзақ. Конденсаторлардың қолданбалы қасиеттері шетелдік баламаларынан кем емес, ал ішкі нарықтағы артықшылығы – екі есе төмен баға. Бұл технология бүгінде Қазақстан Республикасының патентімен қорғалған. Қазіргі таңда өндірісті іске қосу мәселесі талқылануда.

«Біздің басты мақсатымыз – жобамызды қазіргі заманның сұранысына ие болған IT саласының өндірісіне енгізіп, экспорттық нарыққа шығару», – дейді жас ғалым.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезектен тыс президент сайлауында дауыс беруге арналған №258, №259 және №568 сайлау учаскелері жұмыс істеді. Онда бекітілген тізім бойынша жергілікті тұрғындар мен ҚазҰУ ұжымы, сондай-ақ студенттер саяси науқанға белсенді қатысып, өз таңдауын жасады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қалашықта орналасқан №258 сайлау учаскесінде алғашқылардың бірі болып дауыс берді. Білім ордасының басшысы ҚазҰУ аумағындағы өзге де сайлау учаскелерін аралады.

Бір айта кетерлігі, ҚазҰУ қалашығында орналасқан сайлау учаскелерінде белгілі қоғам қайраткерлері де дауыс берді. Олардың қатарында №259 сай-

## ҚазҰУ қалашығында танымал тұлғалар дауыс берді



лау учаскесінде дауыс берген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Төрегелді Шарманов пен Қазақ КСР-нің және КСРО-ның халық артисі Әлібек Дінішевтер бар.

«Бүгін бәріміз үшін аса маңызды күн. Еліміздің болашағы жарқын, еңсесі биік болуы үшін біз дұрыс таңдауымызды жасауға тиіспіз. Осы мақсатпен сайлау учаскесіне келіп, дауыс бердім», – деді тағамтану саласының ардагері Төрегелді Шарманов.



Аталған №259 сайлау учаскесінің төрайымы Гүлнар Айғарина саяси науқанға белсенді қатысқан қайраткерлерге Әбу Насыр әл-Фарабидің кітабын сыйға тартып, құрмет көрсетті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Ислам ЖЕМЕНЕЙ:  
**Ұлттық кадрлар даярлаудың ұстаханасы**  
3-бет

Анджан ГОШ:  
**Студенттеріме қабілетті әріптес ретінде қараймын**  
5-бет

**Дзюдодан чемпион атанған тұңғыш қазақ қызы**  
7-бет

# Жатақханаларда қосымша орындар қосылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жатақханаларға күрделі жөндеу жүргізіп, бөлмелерді кеңейту арқылы орын тапшылығын шеше бастады. Осы тәсіл арқылы оқу орны алдағы уақытта жатақханалардағы орын санын 2000-ға көбейтуді көздеп отыр.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен күрделі жөндеуден өткен №10 жатақхана қайта ашылып, студенттерге пайдалануға берілді.

Кездесу барысында министр Саясат Нұрбек жаңарған жатақхана бөлмелерін аралап, студент жастармен пікірлесті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мем-



лекет басшысының жатақхана тапшылығын шешу тапсырмаларына сәйкес атқарылған жұмыстарды атап өтіп, жатақхананың жөндеуге дейінгі және кейінгі жай-күйімен таныстырды.

313 орындық жатақханаға тарих факультетімен қатар, химия және химиялық технологиялар факультеті мен физика-техни-

калық факультетінің студенттері орналасты.

ҚазҰУ алдағы уақытта барлық жатақханаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту түспек.

**Әйгерім  
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН



ДЕЙІН



КЕЙІН

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Новосибирск мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалының ұйымдастырушы директоры Кәрім Арғынбаевпен кездесті.

## Новосибирск университетімен байланыс жемісті болды



Кездесуде ректор университеттің тарихы мен жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Новосибирск университеті арасында жасалған көпжылдық байланыстың жемісті болғанын атап өтті.

«Бүгінде Ресей Федерациясының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 150-ден астам келісімге қол қойылды. Осы келісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар іске асырылып келеді. Солардың қатарында Новосибирск

мемлекеттік университеті де бар. ҚазҰУ білім мен ғылымның әртүрлі бағыттары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жөніндегі барлық бастамаларды қолдауға дайын», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде құрметті мейман ҚазҰУ басшылығына қонақжайлылығы үшін алғыс білдіріп, Новосибирск университеті қолға алған жаңа жобалармен таныстырды. Сонымен қатар бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру туралы бастама қарастырылды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Wikistrat Global Consultancy компаниясының мемлекеттік қорғаныс жөніндегі сарапшысы Ричард Вайцпен кездесу өткізді.

Құрметті мейманды қарсы алған Жансейіт Түймебаев университеттің тарихы мен жетістіктері туралы баяндап, шетелдік жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер туралы айтып берді.

Айта кетейік, Ричард Вайц – Гарвард және Оксфорд университеттерінің түлегі. Гудзон институтының әскери-саяси талдау орталығының аға ғылыми қызметкері және директоры болып қызмет атқарған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті АҚШ-тың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен, институттарымен, зерттеу орталықтарымен, үкіметтік емес ұйымдарымен ынтымақтастық туралы 13-тен астам келісімге қол қойды. Атап айтқанда: Мичиган технологиялық университеті, Солтүстік-батыс политехникалық университеті, Вайоминг университеті, Скрантон университеті және т.б.

Сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастардың халықаралық академиялық ұтқырлығы белсенді дамып келеді. Соңғы үш жылда Америка жоғары оқу орындарын-

## АҚШ-пен академиялық ұтқырлық дамып келеді



да бір бакалавр және 33 докторант тағылымдамадан өтті. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың 32 оқытушысы ғылыми жобаларды жүзеге асыру мақсатында және халықаралық симпозиумдарға қатысу үшін АҚШ-қа арнайы барған болатын.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-да АҚШ-тың 30 студенті оқиды. Жоғары оқу орнында шетелдік ғалымдар жұмыс істеуде. Соңғы екі жылда АҚШ-тан сегізге жуық сарапшы дәріс оқуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге шақырылды. Сонымен қатар әлемдік сарапшылар өз тәжірибелерімен бөлісу мақсатында ҚазҰУ-да көшбасшылық дәрістер өткізді.

«Мәселен, қыркүйек айының соңында биология ғылымының докторы, Орегон ұлттық примат-

тарды зерттеу орталығы және АҚШ-тың Діңгекті жасушалар орталығының профессоры Шухрат Миталипов көшбасшылық дәріс оқыды. Ол – генетикалық ауруларды емдеуде әлемдегі жетекші ғалымдардың бірі. Осылайша біз сіз сияқты сарапшылармен ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға дайын екенімізді білдіреміз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Wikistrat Global Consultancy компаниясының мемлекеттік қорғаныс жөніндегі сарапшысы Ричард Вайц ҚазҰУ басшылығына жылы қабылдағаны үшін алғысын білдіріп, серіктестікті одан әрі арттыруға дайын екенін жеткізді.

**Гүл БАЯНДИНА**



ты. Аталған кездесуден соң, қазақ диаспорасына жаңа дүниенің есігі ашылды. Өйткені президент «бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға құшағымыз айқара ашық» деп әлемге жар салды. Сол жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды.

**– Еліміз тәуелсіздік алған жылдары көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азамат мемлекетіміздің дамуы, аяғынан тік тұруы үшін қолынан келгенін аянып қалмады. Атажұртты аңсап келген және отандастарыңызбен бірге тәуелсіздіктің ақ таңын қарсы алу бақыты бұйырған сіз сол жылдары оқытушылықтан бөлек, қандай іспен айналыстыңыз?**

– Менің тағдырым да осы

жүрдім. Сонымен қатар Иран мен Түркияның қоғамдық-мәдени, саяси-экономикалық байланыстарына барынша атсалыстым. Көптеген жастардың аталған екі елде жоғары білім алуларына мұрындық болдым. Бұл жайттарды айтып отырған себебім «мен керемет дүние жасағанмын» деу емес. Бұның бәрі тәуелсіздік киесінің арқасында жүзеге асып жатқан игіліктер болды.

Сол жылдардың маман тапшылығы бізді көптеген шаруалардың баяу алға жылжуына тап қылған еді. Соның кесірінен қазақ тілінің қолданылу аясы да тар болған. Міне, бүгін шығыс тілдеріне қатысты сол жылдардағы тапшылықтың ізі қалған жоқ. Бұл шығыстану факультетінің негізін қалаушы әрі тұңғыш дәнегі, мемлекет және

тіліне аударма жасалған материалдарды пайдалануға мәжбүр болды. Мәселен, ұлы шығыстанушы, түркітанушы Радлов, Бартольдтың зерттеулері солардың қатарында болды. Олар әлемнің аса ірі ғалымдары қатарында болғанмен, еңбектері қазақ тарихы мен мәдениетін түгендеуге жеткіліксіз еді. Сол үшін де Әбсаттар Дербісәлі ағаның шығыстану факультетін ашуының мән-маңызы ерекше.

Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығы кенже қалған саланы жетілдіріп, жазба деректер бойынша парсы, түркі тілдеріндегі қазақ және түркі тарихына, мәдениетіне, тіліне, діліне қатысты мол мұраны тікелей түпнұсқаларынан зерттеп, зерделеуді мұрат тұтқан. Бұл бағытта ұшан-теңіз жұмыстар атқарды. Мәселен, түркі тарихы-

**Ислам ЖЕМЕНЕЙ**, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор:

# Ұлттық кадрлар даярлаудың ұстаханасы

**– Ислам аға, тағдыр төлеймен дүниежүзіне тарыдай шашылған қандастарымыздың Иран елінде туған ұрпағысыз. Шет мемлекетте тұсаңыз да, сіздің әрбір әңгімеңізден атажұртқа деген сағыныш, махаббат аңғарылып тұрады. Бұл ұяда көрген тәрбиеден болар?**

– 1929-33 жылдары Кеңес Одағының сталиндік саясаты «шаруашылықты ұжымдастыру керек» деген сыйлаумен қазақтардың қолындағы бар төрт түлік малын күштеп тартып алды. Жалғыз мал шаруашылығына арқа сүйеп тіршілік етіп жүрген қазақтардың күнкөрісі қиындап қалды. Соның кесірінен қазақ даласында 3 миллион адам аштықтан қайтыс болып, миллионға жуық қазақ мәжбүрлі түрде шетелдерге қоныс аударды. Сол зұлмат саясаттың салдары алуан түрде бүгінге дейін жалғасып келеді. Өйткені егер аталған қырғын болмағанда, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасында халық саны 70 миллион шамасында болар еді.

Сол жасанды ашаршылық жылдары бір топ қазақ Маңғыстаудың Бозашы өңірінен елден тысқары жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Олар өздерінің әлеуетіне қарап және топ бастаған ақсақалдардың кеңесіне сүйеніп, Қарақалпақстан, Түрікменстан мен Иран еліне көшті. Иран жеріне бет алған олар Небиттағдың арғы жағына өтіп, су бұлағына жеткен. Содан кейін Каспий жағалауларынан өтіп, Иран жеріне қадам басқан аймағы «Мазандаран провинциясы» деп аталатын. Қазақтардың Иран жеріне көшінің ашылмаған сыры көп. Оның бірі – көшкен мыңдаған қазақтан он шақты жыл өткен соң, бар-жоғы бес жүз адам тірі қалып, ұрпағын жалғастыруға мүмкіндік алған. Оның көбі арықтан ағып жатқан, мөлдір көрінсе де, байқалмай у араласқан, Горган қаласының гарнизонынан бастау алатын суды ішудің кесірінен көз жұмғанын үлкендерден естігенбіз. Иранға көштің қай бағытқа қай жерден басталып, жалғасқанын мен кейін елге оралғанымда жақын ағайын қариялардан естіп хатқа түсірдім. Атажұрттан алшақ кетіп, ұзақ жылдар бойы шет мемлекеттерде тағдыр тәлкегіне түскен қазақтар әлемнің әр түкпірінде кездеседі.

Олардың ортақ құндылық пен арманы атажұртқа оралу болды. Әсіресе диаспораның алғашқы көшкен буыны елге деген сағынышын өздерінен кейінгі буынға аманат етті. Мен елге деген сағынышты аталардан аманатқа алған буынның өкілімін және өзімді сол аманатқа қызмет жасауға мүмкіндік алған бақытты жан екенімді сеземін.

**– Сіздің елге келу тарихыңыздың өзі қызық. Еліміз тәуелсіздік алмай тұрып, көштің бетін бері қарай бұрған қазақтың бірісіз. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да (ол кезде С.М.Киров атында болатын) шығыстану факультетінің ашылуы сіздің атажұртқа оралсам деген тәтті арманыңыздың іске асуына себеп болды. Сол бір кезді еске алсақ.**

– 1990 жылы аталарым армандаған елге қызмет ету бағы бұйырды. 1989 жылы ҚазҰУ-да қазақтың қайраткер шығыстанушы ғалымы Әбсаттар Дербісәлінің ерен еңбегі мен табандылығының нәтижесінде шығыстану факультеті ашылып, алғаш рет Қазақстанның жоғары оқу орындарында мұсылман шығыс тілдері оқытыла бастады. Оның басында араб тілі болды. Сонымен бірге парсы тілі бөлімі ашылған болатын. Факультеттің тұңғыш деканы Әбсаттар Дербісәлі парсы тілінен оқытушының тапшы болуына байланысты керекті кадрлар жан-жақтан іздей бастайды. Сондай ізденістің арқасында жеребе менің атыма түсіпті. Сол кезде университеттің таңдауына қуандым. Өйткені атажұрттыма әскери міндетімді атқару керек деген ойдан басқа түсінік менің санамда жоқ болатын.

1990 жылдың қыркүйек айынан оқытушылық міндетімді атқаруға кірістім. Бұл қызмет біржылдық келісімшарт бойынша атқарылуға тиіс, мерзімі шектеулі болды. Бірақ 1991 жылы тағдыр кітабы мүлдем өзгеше мазмұнмен жазыла бастады. Жаңа оқу жылы басталар шақта қазақ қоғамына тәуелсіздіктің жарқын көкжиегін ашып бергендей халық азаттық қанатына отырып самғай түсті. Сол жылдың 28 қыркүйегінде Ыстамбұл қаласында дүниежүзі қазақтарының өкілдерін еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауына ұлас-

жылдың аясында жаңа сатыға аяқ басқан еді. Себебі университетпен жұмыс бабындағы біржылдық келісімшартым бұрынғы кеңестік шеңберінен шығып, азат еліміздің еркіне өтті. Сол жылы барлық ынта-жігерім қазақ қоғамының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен бітім-болмысына ауды. «Жетпіс жыл бойы рухы тапталған елдің еңсесі қашан және қалай көтеріле бастар екен?» деген ой сана-сезімді билеп жүрді. Сонда елін сүйген әр қазақтай мен де еліміздің дамуы мен өркендеуіне қандай, қаншалықты үлес қоса аламын деген ниетпен өмір кештім. Тіпті сағат бойы автобус аялдамаларында отырып, көлікте бара жатқан жүргіншілердің түріне қарап санақ жүргізіп, статистикалық қорытынды бойынша саяси-психологиялық және әлеуметтік психологияның ғылыми қорытындысын жасауға тырысатын едім. Бұл жұмысты бірнеше жыл бойы тұрақты көздеп, тиісті нәтижелерге қол жеткізіп отырдым. Мұндай бақылау менің қоғамның таптық жай-күйін білуіме үлкен негіз қалады. Екінші жағынан, шығыстану факультетінде оқып жүрген білімгерлер тәуелсіз еліміздің келешекте шетелдерде қызмет ететін елшілері болар деген үмітпен қиял құсымды азат елдің жарқын келешегіне қанат қаққызатын едім. Бұл қиялым да кейінгі жылдары ақиқаттың бейнесіне айналды.

Бүгінде шығыстану факультетінің түлектерінен көптеген мұсылман, араб, парсы, түркі елдерінде небір ысылған, тәжірибелі дипломаттар еліміздің саяси кеңістігіне елеулі үлес қосып, әлемнің саяси аренасында еңселі ел болып жүруімізді қамтамасыз етіп келе жатқанына куәміз. Сондай-ақ осы тұста айтуға тиіс бір жайт – сол 1990-92 жылдары мемлекеттік және мемлекеттік емес, әрі қоғамдық-мәдени, коммерциялық-экономикалық салалардың іскерлік ортасында бірде-бір тілші болмаған еді. Сол жылдары мен де қол қусырып отырмай, парсы тілінің сөздіктерін жазып, түрік тілінің курстарын ашып, үлгергенімше, уақыт пен қуатым мұрша бергенше, мүдделі мемлекеттік шенеуніктер мен саудагерлер арасында ақысыз, аянбай жүгіріспен тілмаш хәм ұйымдастырушы міндетін міндетсізбей атқарып

қоғам қайраткері, танымал ғалым Әбсаттар Дербісәлі еңбегінің нәтижесі екенін айту керек. Өйткені оған талай рет «шығыстану факультетінде орыс тілінің топтарын ашаңыз табысты және ұтымды болады» деген уәждер айтылып келді. Сонда Әбеке: «Орыс тілінде оқитындарға жол ашық. Мәскеуге барса, мықты университеттерден кез келген шығыс тіліне түсіп, маман бола алады хәм оның жұмысқа сұранысы көп болады. Ал біздің маңдайға бұйырған жалғыз шығыстану факультетінің міндеті – қазақ балаларын оқытып жетілдіру», – деп ойын ашық айтатын. Мен осы күні Әбсаттар ағамыздың түпкі ойы еліміздің келешек ұлттық кадрларын даярлау болған екен ғой деп ойлаймын. Себебі бүгінгі азат елімізде жүздеген шығыстанушы қазақтілді мамандар дипломатия, саудасаттық және ғылымда айтарлықтай қомақты табыспен қызмет атқарып келеді. Бұның бәрі – ел тәуелсіздігінің жемісі.

**– Ислам аға, қазіргі таңда сіз ҚазҰУ-да Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін атқарасыз. Осы институт қызметіне тоқталсаңыз. Парсы тіліндегі қазақ тарихына қатысты ежелгі және ортағасырлық жазба деректерді қаншалықты зерттеп-зерделей алдық?**

– Өте орынды сұрақ. Бұл орталық қазақ тарихын, мәдениетін, тілін, этнографиясын біртұтас түркі халықтарының тарихи бағытымен қарастыруды мақсат еткен. Бұл мақсат үшін біз үш дерек көзіне сүйенеміз. Олар: біріншіден, заттық материалдар. Ол үшін археолог ғалымдардың зерттеу қорытындылары маңызға ие. Екіншіден, фольклорлық зерттеулерге сүйену, оның ішінде ауыз әдебиетінің орны айрықша. Үшінші – жазба дерек. Жазба деректер дегенде, араб, парсы, түркі, қытай және Еуропа халықтары тілдерінде жазылған жазба деректер бар. Қазақстан тәуелсіз ел болғанша қазақ тарихын, мәдениетін түпнұсқалық деректерден зерттеу, зерделеу мүмкін емес еді. Өйткені кеңестік дәуірде әдейі саналы түрде қазақ ғылымына шығыстану дүниесінің есігі тұтастай жабық болды. Сол үшін қазақ ғалымдары амалсыз шығыс тілдерінен орыс

мен бірге, қазақ тарихына қатысты парсы тілінде жазылған «Тарих-и-Рашиди» кітабының екі дептері толықтай парсы және қазақ тілдерінде Иран мен Қазақстанда жарық көрді. Мұндай толық аударма дүниежүзілік тарихи-әдеби зерттеуде тұңғыш рет жүзеге асып отыр. Анығын айтқанда, «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің текстологиясын парсы тілінде жасап, парсы тілінде қазақтың тарихына, мәдениетіне, діні мен тіліне қатысты тараулар жазып, Тегерандағы «Оғызхан» баспасынан Иран Ислам Республикасының Мәдениет және исламды дәріптеу министрлігінің менің атыма берілген рұқсатнамасымен парсы тілінде үш том болып жарық көрді. Сондай-ақ қазақ тілінде толық нұсқасы тағы бір рет шығаруға, баспаға беруге дайын.

Біздің орталық тек аударма жасамайды. Түпнұсқадан тәржіма жасай отырып жан-жақты талдайды, артықшылықтар мен кемшіліктеріне тоқталады. Қазақ үшін қай тұсы маңызды екенін айтады. Қысқасы, түркі және қазақ тарихына қатысты жайттарды ұлттық түркілік мүддеге сай қарап, айналымға салып отырады.

Кемеңгер патша, ақын, ғалым Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың түркі тілінде жазылған 550 беттік «Бабырнама» кітабын түпнұсқалық түркі тілінен қазақшаға аудардым. Басылымға дайын. Бұл кітап қазақ тарихы мен мәдениеті, тіліне тікелей қатысы бар өте құнды шығарма.

Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығы Қазақстанның шығыстану саласы бойынша деректану және түпнұсқамен жұмыс істеу жөнінде әлемдік деңгейде өзін мойындатты. Нақты айтқанда, осы уақытқа дейін Британия, Германия, Үндістан, Канада, тағы басқа елдер бізбен жұмыс істеуге ниет білдірді. Қазіргі таңда орталықта көмекшім Гүлжанат Дүйсенбайқызы екеуіміз ғана жұмыс істеп келеміз. Бізге шығыстық, түркілік тарих пен мәдениетті білетін, ағылшын тіліне жүйрік кадр керек. Сонда біздің орталық әлемде танымал ғылыми орталыққа айналады.

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Сұхбаттасқан  
Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ**

# Шетелдердегі қолжазбалардың түпнұсқаларын зерделеу

Қыпшақ тіліндегі жазба мұралардың қатарына араб графикасымен мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған тарихи, әдеби және лингвистикалық ескерткіштер жатады. Сол кездегі түрікше-арабша сөздіктер мен грамматикалық еңбектер Мысырдағы жергілікті араб халқына қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылғандықтан, араб және қыпшақ тілдеріндегі мәліметтерді қамтиды. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі қолжазбаларды, әсіресе тілге қатысты еңбектерді зерделеу маңызды.



Біріншіден, түркі тілі немесе «түрки» барлық қазіргі түркі тілдері қалыптаса бастаған кезеңде, X-XV ғасырларда өмір сүрген жалпы әдеби тіл болып саналады. Сондықтан қазіргі түркі тілдерін, олардың фонетикасы, лексикасы мен грамматикасының тарихын зерттеу сол дәуірдегі жазба ескерткіштерді зерттеуден басталу керек. Өкінішке қарай, көптеген жазба ескерткіштер біздің дәуірімізге дейін сақталмаған. Екіншіден, Қазақстанға мемлекеттік бағдарламалар аясында ұлтымыздың тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген құнды жазба ескерткіштер әкелінгенімен, мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жазба мұраның көпшілігі әлі күнге дейін елімізге жетпеген. Үшіншіден, Қазақстанда қазақ, мәмлүк-қыпшақ, араб және қа-

зіргі түркі тілдерін білетін зерттеушілердің тарапынан әлі күнге дейін аталған ескерткіштер кешенді зерттеу нысанына алынбаған. Төртіншіден, бұл ескерткіштер Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелде де, әсіресе түркі мемлекеттерінде де жан-жақты зерттелмеген. Тіпті түркітану саласында, әсіресе мәмлүк-қыпшақ тіліне қатысты көптеген зерттеулер жасалған Түркияның өзінде тек соңғы жылдары ғана ескерткіштердің кейбір қырлары қарастырыла бастаған. Бесіншіден, бұл зерттеу аясында тілдің ең динамикалық қабаты ретінде ескерткіштердің лексикасы зерттеу пәніне айналып отыр. Араб графикасымен мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған мұраларды зерттеуде түркі тілдерімен қатар, қолжазбадағы

араб жазуын білу де өте маңызды. Алтыншыдан, орта және жоғары білім беруде қолданылатын оқу бағдарламаларына талдау жасау арқылы түркі тіліндегі ескерткіштерді зерттеуге арнайы уақыт бөлінбегенін байқауға болады. Сондықтан оқыту үдерісінде де жазба ескерткіштерді зерттеу және оларды ғылыми-педагогикалық айналымға енгізу – өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінде ғылымда алты лингвистикалық жазба ескерткіш белгілі. Қазіргі Мысыр мен Сирия жерінде жазылып, біздің заманымызға дейін жеткен жазба

ескерткіштер басқа елдерде сақталған. Мысалы, алты лингвистикалық еңбектің үшеуі Ыстамбұлда (Түркия), төртіншісі Лейденде (Нидерланды), бесіншісі Парижде (Франция) сақталса, алтыншысы Флоренцияда (Италия) сақталған. Қысқаша атауы «Китаб әд-Дурра» немесе аудармасы «Түрік тілінің жарқын інжу-маржаны» атты бұл қолжазба XIV ғасырда жазылып, Флоренциядағы Лоренцо Медичи (Biblioteca Medicea Laurenziana) кітапханасында MS130 нөмірмен сақталған. Аталған қолжазбамен танысу, сонымен қатар мәмлүк-қыпшақ

зерттеулеріне қатысты жаңа еңбектермен танысу мүмкіндігі 2022 жылдың қыркүйек айындағы ҚР Ғылым комитеті ГҚ №АРО9058228 жобасы аясында Италияға іссапар кезінде туды. Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында қолжазбаның фонетикалық және лексикалық ерекшеліктеріне назар аударылып, қолда бар басқа да мәмлүк-қыпшақ лингвистикалық еңбектермен салыстырылды. Басқа да мәмлүк-қыпшақ сөздіктері секілді бұл қолжазбада да араб сөздері қара сиямен, ал түркі (мәмлүк-қыпшақ) сөздері қызыл сиямен берілген. Қолжазбаның әрбір бетінде арабша және түркіше кезектесіп 15-16 жол бар, жазуы «насх», жалпы алғанда, түсінікті.

Қолжазбаның тікелей өзімен жұмыс жасау арқылы көшірмеде кездесетін олқылықтарға (сызықтар, артық нүкте немесе, керісінше, нүктенің түспеуі) тап болмай, оң нәтижелерге жетудің бірден-бір көзі. Жалпы алғанда, Франция, Нидерланды, Италия мен Түркияда сақталған бұл қолжазбалардың түпнұсқаларын зерделеу, өзара салыстырып, оларға талдау жұмыстарын жүргізу арқылы алдағы уақытта бірқатар ғылыми нәтижеге қол жеткіземіз деген сенімдеміз.

**Анар МҰСТАФАЕВА,**  
PhD, шығыстану факультетінің доценті

## Жас ғалымға жол ашық

Биыл жыл басында жас ғалым Жандос Мұқалиев «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысының ұйымдастыруымен ТМД елдерінің ЖОО мен ғылыми бірлестіктері арасында өткен «Ең үздік студент» жобасына қатысып, I дәрежелі дипломмен және арнайы медальмен марапатталды.



Жандос Қайратұлы 2008 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «5B071100 – Геодезия және картография» мамандығына оқуға түсіп, оны 2012 жылы үздік дипломмен бітірді. 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті магистратура оқу сатысының «6M074100 – Картография» мамандығының ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша мемлекеттік грантын иеленді. Араға екі жыл салып «6M074100-Картография» мамандығы бойынша «техника ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі берілді.

Одан кейін магистранттарға арналған академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Австрияның Зальцбург университетінде Джозеф Штроблдың жетекшілігімен ғылыми іс-тәжірибеден өтіп келді.

2019 жылы университеттің «8D07302-Geoинформатика» мамандығының докторантурасына оқуға түсті.

Жандос Қайратұлы 2012-13 жылдар аралығында өткен «Ғылым әлемі» атты конференциясының 1-орын иегері. Көптеген ғылыми жетістіктері үшін талай сертификат алып, диплом және мақтау қағазымен марапатталған. Сонымен қатар халықаралық ғылыми конференциялар мен республикалық академиялық журналдарда 30-ға жуық мақаласы жарияланған. Өткен жылы 8-10 сәуірде ұйымдастырылған «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалым-

дардың халықаралық ғылыми конференциясына қатысып, межелі 1-орынды жеңіп алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың жас ғалымдар және Жас ғалымдар кеңесі мүшелерімен арнайы кездесуіне қатысып, дипломмен марапатталды.

Университет қабырғасында Жандос Мұқалиев бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларына қатысты. Атап айтсақ, «Ұлы даланың тарихы мен мәдениеті: Қазақстандағы қазіргі археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдану», «Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасының атластық ақпараттық жүйесі» және «Семей сынақ полигонында ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесін құру үшін ГАЗ технологияларын қолдана отырып, RUSLE моделі негізінде топырақ эрозиясын бағалау» жобаларында белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы жобалар аясында бір авторлық құқықпен қорғалатын құжат алды.

**Жазира ЖҰМАТАЕВА,**  
География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының оқытушысы

Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс елдері кафедрасындағы жапон бөлімі еліміздегі жапонтанушы мамандар даярлайтын жетекші орталықтардың бірі.

Кафедраның халықаралық байланыстары ғылыми, білім және мәдени салалар бойынша үш бағытта жүреді. Екіжақты қарым-қатынастың орнауына Жапонияның Қазақстандағы елшілігі, Халықаралық жапон қоры және Қазақстан-Жапон адам ресурстарын дамыту орталығы, сондай-ақ Қазақстандағы Жапония компаниялары жан-жақты атсалысуда. Кафедра жапон елшілігімен 1993 жылдан бастап тығыз қарым-қатынас орнатқан. Студенттерге арналған жапон тілінің шешендік өнер сайысы, тіл білімі деңгейін анықтау емтиханы Жапония елшілігінің қолдауымен өткізіледі.

Жыл сайын Қазақстандағы Жапония елшілігінің тікелей қолдауымен өткізілетін сынақтан озып шыққан студенттер Жапонияның Білім және ғылым министрлігінің арнайы грантына ие болып, біржылдық тіл меңгеру тағылымдамаларына өтуге мүмкіндік алады.

Қыркүйек айында Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімі студенттері арасында «Мицубиши Корпорейшн» атынан бөлінген шәкіртақы үміткерлерімен Қазақстандағы «Мицубиши Корпорейшн» өкілдігінің басшысы Тацуя Казама мырза сұхбат өткізді. «Мицубиши» корпорациясы 2012 жылдан бастап ҚазҰУ студенттеріне шәкіртақы тағайындап келеді. Соның нәтижесінде көптеген студент Жа-

## Жапониядан жолданған алғыс



понияның үздік жоғары оқу орындарында білім алып қайтты.

Биыл да корпорация шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтану бөлімінің үздік студентіне 1 500 000 теңге көлемінде шәкіртақы бөлген болатын. Байқауға GPA балы жоғары, жапон және ағылшын тілдерін жақсы меңгерген 3-курс студенттері қатысты. Байқау нәтижесі бойынша 3-курс студенті Динара Аппысбай шәкіртақы иегері атанып, Жапонияның Осака университетіне алты айлық оқуға баруға мүмкіндік алды.

«2021-22 оқу жылынан бастап «Мицубиши Корпорейшн» шәкіртақысы жайлы естіп-біліп жүрдім. Бұл байқауға 2-курс оқып жүрген кезімде де қатысқан едім, алайда шәкіртақы иегері атану 3-курсқа бұйырыпты. Байқау құжаттарды жинау және әңгімелесу сияқты жапон тілін білудің бірнеше кезеңдерінен тұрды. Сонымен қатар осы байқауда өз қабілетімді жетілдіру мақсатымен білімді

шыңдадым. Әрі стипендия мөлшері де көлемді болды. ҚазҰУ-ға алғаш келген жылы ақылы оқу бөліміне түскен едім. Бірінші курсты сәтті аяқтап, 2-курсқа үздік оқу үлгерімі үшін 100 пайыз жеңілдікке ие болдым. Ал қазір тынбай оқу нәтижесінде мемлекеттік білім грантын ұтып алдым. Онымен қоса, балалық шағымның арманы болған әлемдік деңгейдегі Жапонияның ең әйгілі Осака университетіне оқуға шақырту алып, қазір осы университетте оқып жатырмын. Мұның барлығы жапон тіліне деген қызығушылығым және ҚазҰУ студенті болуымның арқасында қол жеткізген табыстарым. Маған осындай толассыз мүмкіндік сыйлап, арманымның орындалуына септігін тигізіп жатқан ҚазҰУ-ға және ұстаздарыма үлкен алғысымды айтамын», – дейді бұл туралы стипендия иегері.

**Шынар САУДАНБЕКОВА,**  
Қиыр Шығыс кафедрасының доценті м.а., PhD, жапон бөлімінің меңгерушісі

Анджан ГОШ:

# Студенттеріме қабілетті әріптес ретінде қараймын

Доктор Анджан Гош – философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасына шақырылған қауымдастырылған профессор. Үндістандағы алғашқы e-Learning кәсіпорнының негізін қалаушы. Анджан Гош Үндістанның Калькутта менеджмент институтының (IIMC) стипендиаты. Аталмыш институт Азиядағы және әлемдегі топ-менеджмент білім ордаларының қатарында.



– Менің аты-жөнім – Анджан Гош. Қазақстандағы лақап атым – Анжан Гасанов. Менің екі ерекше хоббиім бар: бірі – кофе қайнату (ғалым сертификаты бар) және ушақпен ұшу (оның CESSNA 172 ұшағымен ұшуға әуесқойлық лицензиясы бар). Қызықты уақытымның бір бөлігі дәрістен бөлек, студенттеріммен бірге тамақтана отырып, зерттеу жүргізуге арналады. Қазақстанға келуім өте кездейсоқ оқиға болды. 2017 жылы Қырғызстаннан әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша қысқа мерзімді курсқа қатысуға шақырту алдым. Менеджмент бойынша білім беру дәстүрлі түрде жалғасқанымен, оқытуда Case Method әдісі бөлек болғанына таңғалдым. Мен әртүрлі Case Study Database-ді іздестіргенімде, таңданысым сенімге айналды. Яғни Орталық Азия бойынша бизнес мысалдарын таппадым. Бірнеше форумда Орталық Азиядағы менеджмент бойынша білім беру орталығы Case Method болуы керек деген пікірмен бөлістім. Менің Case Study орталығын құру туралы ойым маңызды болды деп ойлаймын. Осы орайда, Орталық Азия университеттерінен шақырту алдым. Таңдауым Narxoz университетіне (Қазақстан) түсті. Орталық Азиядағы Case Study Movement Leadership миссиямызға көптеген ғалымдар қосылды. Ғылыми орталықтың жетістігі Назарбаев университетінің білімді стипендиаттарымен бірге purse.kz сайты ашуға итермеледі. 2022 жылы Қазақстанда тағы бір озық зерттеу орталығын ашу үшін Сүлеймен Демирел атындағы (SDU) университетке қосылдым, – дей келе, ғылым докторы Case Movement жобасының беделі жаһандық ауқымда назардан тыс қалмағанына мақтаным білдірді.

Бүкіл әлем бойынша Case Research қауымдастықтары Case зерттеулерінің сапасы мен ғалымдарының

қабілетіне тәнті болған. 2019-22 жылдар аралығында Анджан Гошты Орталық Азияның атынан АҚШ-тың жетекші халықаралық тақырыптық қоғамдары USA Case Research Foundation және GBSN Case Method басқару комитетінде өкілдік етуге шақырады. Ғалымның жақында SAJBMC редакциялық алқасына ұсынған жобасы Қазақстанның Case Study Research саласына ұсынған әлеуеті турасында болды.

– Осы ізденістерім түбінде мені Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға алып келді. Білім ордасымен қарым-қатынасымын соңғы үш жылдан бері жақсы дамып келе жатқанын жоғары бағалаймын. Менің ҚазҰУ-дағы жұмысым кенеттен басталды. Іс-деректері кәсіпкерлік шешімге діннің ықпал ету мүмкіндіктерін көрсетті. Бірақ менеджмент ғалымы ретінде мен дін туралы теорияларды білмедім. Бір күні менімен жұмыс істеуге мүдделі дінтану ғалымдарымен кездесу үшін ҚазҰУ-дың екінші кампусына бардым. Бақытымызға орай, мен профессор Нұрлыхан Әлжанованы кездестірдім. Ол біздің жобаға үлес қосуға келісімін берді. Бірлесіп атқарған жұмысымыз халықаралық Case Study зерттеу журналына жариялануы ынтымақтастығымыздың артуына септігін тигізді. Дәл осы жоба кезінде менің университетпен ресми байланыс орнату мүмкіндігім туды.

Мені қабылдаушы Narxoz университетінде 2020 жылы ағылшын тілінде PhD бағдарламасы болған жоқ. Маған қазақ, орыс тілдерін білмегендіктен, PhD докторларымен етене араласу бақыты бұйырмалы. Карантин аяқталғаннан кейін бір күні мен ҚазҰУ-дағы әріптестерімнің бірімен кездестім. Сонда мен PhD докторларымен ғылыми ортақ зерттеу жүргізгім келетінін жеткіздім. Сонда әріптесім: «Біз PhD докторларымызға зерттеу

әдісі мен академиялық жазудан сабақ беретін профессор іздеп жатырмыз. Бірақ басқа университеттерден алатын жалақыға біздің ұсыныс сәйкес келе ме, оны білмедім», – деді. Мен дереу оған: «Мен PhD докторларымен зерттеу жүргізсем болғаны, тіпті ақысыз сабақ беруге де разымын», – деп жауап қаттым. ҚазҰУ-дағы жаңа ұжымды сөзбен айтып жеткізе алмаспын. PhD докторлардың ынтымағы мен қабілеті әлемдік кез келген жетекші университеттерден асып түспесе, кем түспейтіні анық. Апта сайынғы үш сағаттық дәрісіміз көзді ашып-жұмғанша тез-ақ аяқталады. Дәрістен тыс уақытта жақын маңдағы кафенің бірінде түрлі тақырыпта пікір алмасамыз. Ол аздай, демалыс күндерін жаңа зерттеу идеялар мен әдістерді талқылауға арнаймыз. Бір сөзбен айтқанда, ҚазҰУ-дағы тәжірибе мендегі ғылыми олқылықтың орнын толтырып, оқу процестеріндегі интеллектімді байытты, – деді Анджан Гош.

Infosys компаниясында менеджер болып жұмыс істеген кезінде доктор Гош мәдениетті ілгерілетуде, инновациялар зертханасын құруда негізгі мүшелердің бірі болды. Сонымен қатар шетелдік ұстаз үлкен сынақтардың ықпалын азайту және Орталық Азиядағы дамып келе жатқан кәсіпкерлік динамика мен стратегиялық процестің маманы. Оның стратегия және кәсіпкерлік бойынша зерттеулері жеті халықаралық марапатқа ие болды: Менеджмент академиясының жыл сайынғы конференциясының үздік мақаласы (2017); Стратегиялық менеджмент қоғамының жыл сайынғы конференциясының үздік ұсынысы (SMS) (2016); PAN – IIM үздік мақаласы (2015); EFMD үздік зерттеуі (2013) және ең жақсы ISB-IVEY дәрежесі (2012) т.б. Ғалымның ғылыми-зерттеу, оқытушылық және консалтингтік мүдде-

лері – стратегия, кәсіпкерлік, ұйымдастырушылық өзгерістер мен инклюзивті дамытудың негізінде жатыр.

– Ғалымдармен бірлесіп зерттеу жүргізу, бұл – екіжақты процесс. Мен өз студенттеріме қабілетті әріптестер ретінде қараймын және олар менен үйренгеніндей, менің де олардан үйренерім көп деп есептеймін. Жаңа идея, тәсілдерді бірлесіп зерттеу арқылы ғана сана кеңістігіміз кеңейе түспек. Аяқасты ғылыми ізденісім тоқтап қалса, PhD докторанттарымен ақылдасу арқылы тамаша идеялар туады. Жақында әлемдік «Топ-менеджмент» журналына шолу барысында менімен бірлескен авторлар күрделі теориялық модельді жариялады. Онда адамзат қоғамындағы кеңістік тәсілдерін зерттеген PhD докторының бірі визуализацияға өзінің сөзсіз септігін тигізді. Екі айдан астам уақыт бойы ол визуализация мүмкіндіктерін талқылап, зерттеуден кейін өз жұмысын маған ұсынды. Тынымсыз еңбек, сайып келгенде, шолушылардың үмітін қанағаттандыра алатын теориялық модельдердің диаграммаларын жасады. Докторантымын мақаласы жарық көруі мен үшін мақтаным болды. ҚазҰУ-да өткерген шақтарыма зер салсам, шынында, оқу ошағында қызықты да естелікке толы күндер кешіппін. Менің апта сайынғы дәрістерім ондағы жігерлі ғалымдармен қызу түрде жалғасын тауып жатыр. Біз күрделі зерттеу әдістерін жеңіл түрде үйрену үшін қызықты педагогикалық тәсілдерді қолданамыз. Студенттер сабаққа баға немесе есептеме үшін емес, көңілді оқу атмосферасы үшін қатысады. Ұстаз ретінде мен ынталы, жігерлі әрі парасатты жастарға қарап, еңбегімнің зая кетпегенін аңғарамын, – деп сөзін тамамдады доктор Анджан Гош.

Нұрбек НҰРЖАН

«Өркениетті Қазақстан» қоғамдық бірлестігі Алматы облысының ішкі саясат тапсырысымен Алматы облысының тұрғындары арасында «Экологиялық мәдениетті нығайту» жобасын жүзеге асырды. Жоба аясында қоғамдық бірлестік жастар арасында семинар-тренинг өткізді. Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында «Қоршаған ортаны қорғауға сен қандай үлес қосасың?» атты облыстық шығармалар байқауын ұйымдастырды.

## Экологиялық мәдениетті нығайтудың жолы қандай?



Райымбек ауданындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы мектепте

Аталған жоба негізінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының ұстаздары семинар-тренингте мектеп оқушыларына дәріс оқыды. Дәріс мектеп оқушыларының экологиялық сауаты мен білімін арттыру, экологиялық мәдениетті нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Жоба барысында Есік және Талғар, Қонаев қаласы, Жамбыл, Қарасай, Іле, Балқаш, Кеген, Райымбек, Ұйғыр аудандарының мектеп оқушыларына дәріс оқылды. Дәріс оқу барысында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, орнықты даму және айналымды экономика модельдерінің рөлі, экологияға байланысты әлемдік тенденциялармен танысу; нәлдік қалдық және 6R, атмосфералық ауаның ластану себептері, ластандың адам денсаулығына және қоршаған ортаға әсері, баламалы энергия көздерінің маңызы туралы тақырыптар талқыланды. Қалдықтарды тиімді реттеу және өткерген шақтарыма зер салсам, шынында, оқу ошағында қызықты да естелікке толы күндер кешіппін. Менің апта сайынғы дәрістерім ондағы жігерлі ғалымдармен қызу түрде жалғасын тауып жатыр. Біз күрделі зерттеу әдістерін жеңіл түрде үйрену үшін қызықты педагогикалық тәсілдерді қолданамыз. Студенттер сабаққа баға немесе есептеме үшін емес, көңілді оқу атмосферасы үшін қатысады. Ұстаз ретінде мен ынталы, жігерлі әрі парасатты жастарға қарап, еңбегімнің зая кетпегенін аңғарамын, – деп сөзін тамамдады доктор Анджан Гош.

Экологиялық мәдениет дегеніміз – адамның табиғи ортамен үйлесімді тіршілік етуі. Қоршаған орта кешендеріне залал келтірмей, тиімді пайдалану. Адам табиғатпен етене үйлесімді тіршілік ету үшін қоршаған ортаның заңдары мен принциптерін білу керек. Сонымен қатар табиғи ортада болып жатқан экологиялық мәселелердің себебі мен салдарын талдай білу қажет.

Тұрмыстық деңгейде экологиялық мәдениеті

жоғары адамның қалдықтарды азайту, артық тұтынудан бас тарту, тамақтану әдеттерін өзгерту, құнды табиғи ресурстарын үнемдеу, су, энергия көздерін тиімді пайдаланудан тұрады. Басқа адамдармен қарым-қатынаста да экологиялық ойлау көшбасшылық пен жаңашылдықтың бөлігі саналады.

Жасыл мегаполистерді немесе экологиялық елді мекендерді дамыту керек пе? Флора мен фаунаның жойылып бара жатқан түрлерін қалай сақтауға болады? Жаңа эпидемиялар мен техногендік апаттардың таралуын қалай болдырмаймыз? Осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап табу үшін адамдарға экологиялық білімді нығайту қажет.

Жастар келешекте бұл түйткілді тиімді шешуге ықпал етуі керек. Климаттың өзгеруі, құнды табиғи ресурстардың жетіспеушілігі, энергия, қорқы және басқа да мәселелердің тағдырына бейжай қарамауға тиіс.

Себебі қазір Жер планетасын адамзаттың тіршілік ортасы ретінде сақтау мәселесі адамзатты ерекше толғандыруда. Адам өзінің мұқтажының қамтамасыз етуде экологиялық сауатсыздығы негізінде табиғи ресурстарды жөн-жосықсыз пайдалануда. Нәтижесінде орны толмас экологиялық дағдарыстар орын алууда.

Тұрсынкүл БАЗАРБАЕВА,

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі

Гүлжанат МҰҚАНОВА,

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті

# Императив медийной и информационной грамотности

С каждым днем значимость информации в современном мире приобретает все большее значение. Цифровой мир развивается быстро, появляются различные медиасредства, а значит возникает множество трудностей при отборе информации. Поэтому современный человек должен быть медиаграмотным, то есть ему необходимо не только понимать и оценивать продукты медиа, а также грамотно создавать их.

Узнать о тенденциях МИГ, новых направлениях в Public relations, можно было на занятиях Международной осенней школы PR, которая прошла в рамках Глобальной недели медийной и информационной грамотности и организованной кафедрой ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ им. Аль-Фараби при поддержке кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы. Школа объединила представителей международных организаций известных медиапрофессионалов, студентов, аспирантов, докторантов и преподавателей разных вузов страны, таких как Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, AlmaU (Алматы менеджмент), КазНАИ им. Т.К.Жургенова, Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова, КазНУ им. Аль-Фараби, а также стала площадкой для погружения в мир digital и его трендов.

С приветственным словом к участникам конференции обратились декан факультета журналистики Нуржан Куантаев, заведующая кафедрой ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации Назгуль Шынгысова, специалист по вопросам коммуникации и информации Кластерного бюро ЮНЕСКО в г. Алматы Сергей

Карпов, профессор Государственного университета Теннесси (США) Зени Сарабия-Панол.

Тема осенней школы выбрана неслучайно, отметил в своем выступлении специалист отдела коммуникации и информации Кластерного бюро ЮНЕСКО в Алматы Сергей Карпов. Она перекликается с основной темой глобальной недели медиаграмотности, которая проходит в эти дни в Абудже и посвящена вопросам доверия и солидарности в отношении людей, СМИ, цифровых платформ, правительств, частного сектора и неправительственных организаций. Неделя освещает некоторые перспективные действия в связи с медийной и информационной грамотностью за последний год, а также то, как медийная и информационная грамотность помогает укреплять доверие и противостоять недоверию»

Уже несколько лет в тренде честность и прозрачность контента. Пользовательскую аудиторию трудно впечатлить красивыми обещаниями, а еще сложнее – заставить поверить в такую информацию. Людям нужна открытость, правдивость и искренность. Три выступления были посвящены созданию такого контента. «Медиаграмотность и



информационная безопасность» – с таким докладом выступил представитель Международного центра журналистики «Медианет» Жансерик Тилеухан, эксперт Международного фонда защиты свободы слова «Адил соз» Галия Аженова поделилась опытом как обезопасить журналиста в кризисных ситуациях, вице-президент клуба PR Айбар Олжай провел мастер-класс на тему «Антикризисный PR». Участники узнали, как грамотно создавать продукты медиа, а также актуализировать информационную безопасность личности, критически относиться к получаемой информации.

Сильный текст – отлично, но его недостаточно при создании новостей, чтобы зацепить аудиторию. На сегодняшний день нужно владеть определенными приемами и технологиями в новостной индустрии. Короткие заголовки, фотографии крупным

планом. Сейчас в фокусе полноценные, насыщенные работы с яркой эмоциональной окраской. Как сделать новость так, чтобы твою новость читали все, своим опытом в ньюсмейкинге поделилась известная журналистка Алма Кенжебекова.

Журналистика – понятие конкретное, но при этом обширное. Современный журналист и маркетолог, и таргетолог, и smm-специалист. Быть успешным и востребованным только в одной узкой сфере сейчас сложно, ведь наибольший сегмент средств массовой информации – коммерческий. Участники осенней школы «PR и коммуникации» не только слушали выступления спикеров, они на практике, посредством персональных девайсов попробовали самостоятельно запустить таргетинговую рекламу и даже записать свой первый подкаст.

«Сейчас журналистика стала

мультимедийной и интерактивной, – говорит представитель международной организации Интерьюс – Казахстан Белла Орынбетова. Подкастинг в Казахстане набирает популярность. Новое направление аудио-блоггинг, включающий в себя тематические диалоги, призваны заострить внимание людей на актуальном контенте»

Как же презентовать актуальный контент и кто лучше всех это может сделать? Об этом рассказала известная казахстанская телеведущая Анна Данченко. «Человек, выступающий перед аудиторией, наделяется огромной ответственностью, – считает Анна, – его слова могут оказать мощное воздействие на сознание людей, на их взгляды, понимание ими тех или иных явлений жизни. Поэтому телеведущий – это прежде всего человек, который должен вызывать доверие и уважение у зрителей».

Международная осенняя PR школа стало традиционным мероприятием, которое проводит кафедра ЮНЕСКО по журналистике и коммуникациям КазНУ им. Аль-Фараби. Взятый шесть лет назад старт оказался удачным. Сегодня PR школа-современная динамичная площадка, где каждый начинающий специалист получает новые глобальные знания, представляющие собой перспективу для развития карьеры. Основная цель организаторов состоит именно в эффективной коммуникации и качественном образовательном контенте. Ведь с каждым годом количество ее участников и выпускников растет. Бесспорно, цифровой мир – это уже реальность, которая постоянно меняется. А это значит, что у школы PR всегда будут интересные темы и гости.

**Айман КАЙМУЛЬДИНА,**  
ст. преподаватель кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации

Я не сомневаюсь, что людей, мечтающих о поездке в Японию и ставящих перед собой цель учиться в стране восходящего солнца, с каждым днем становится все больше. Какая же это прекрасная мечта – побывать в одной из самых развитых стран мира, природа и культура которой гармонично переплетаются с высотными зданиями крупных мегаполисов. Я мечтала об этом с 12 лет. Мне всегда была интересна богатая культура Японии.

Поэтому после окончания школы я поступила на факультет востоковедения Казахского национального университета имени Аль-Фараби, с целью осуществить свою мечту. Я рада, что приняла тогда это решение. Поступив в КазНУ, я встретила много друзей, похожих на меня по характеру и мировоззрению, и наконец смогла поехать учиться в Японию.

Поехала учиться я в университет Канадзава по программе МЕХТ. МЕХТ – это государственная стипендия Японии, которая финансирует иностранных

студентов, обучающихся в высших учебных заведениях по рекомендации посольства или университета Японии. Это очень щедрая стипендия, которая покрывает поездку туда и обратно, а также проживание.

Проживание и обучение в чужой стране не только расширяет кругозор, но и оказывает колоссальное влияние на внутренний мир человека. Много можно узнать, просто наблюдая за повседневной жизнью японцев. Будучи в Японии меня все время посещала мысль: «оказывается можно так жить».

Что касается университета Канадзава, то с ним у меня связаны самые теплые воспоминания. Канадзава является столицей префектуры Исикава, расположенной на центральном острове Хонсю. Город популярен своими хорошо сохранившимися районами периода Эдо, музеями и традиционными ремеслами. Канадзава известна горной местностью и журчащими родниками под цветущей сакурой. Город находится рядом с Японским морем. Природа Канадзавы очень похожа на алматинскую. Кампус университета – огромный, он находится вдали от центра города, в лесу. В живописной



местности, где находится кампус, можно невооруженным глазом увидеть богатую флору и фауну. Остановившись в общежитии, вы сможете увидеть через окно разных птиц и животных. Я просыпалась от пения уток, на улице висели таблички с надписью «остерегайтесь медведей», а на пути к комбину студенты могли встретить черепаху. Рядом с кампусом находился крупный торговый центр, где можно купить все необходимое для комфортного проживания.

Преподаватели университета отзывчивые и понимающие, настоящие профессионалы своего дела. Особенно я благодарна Ямамото-сенсею. Он нас много чему научил и всегда оказывал поддержку, когда студенты нуждались в какой-нибудь помощи. Всего через несколько меся-



цев прибывания в Канадзава я почувствовала будто нахожусь в своем родном городе. Зарубежные студенты, с которыми мы вместе обучались тоже оказались добрыми и чуткими ребятами. Несмотря на то, что мы все приехали из разных уголков мира, мы быстро подружались, провели вместе много интересных моментов и все очень сблизилось. Каждый смог продемонстрировать особенности культуры и быта своей страны. Я также приложила максимум усилий чтоб ознакомить зарубежных студентов с национальными особенностями и традициями казахского народа. Также, во время прибывания в Японии я встретила со студентами КазНУ, которые аналогично проходили обучение в других университетах. Мы вместе путешествовали по нескольким японским

городам. Удивительно, как быстро и комфортно можно добраться из одного города в другой всего за несколько часов на Синкансэн!

В заключении, хотелось бы отметить, что обучение в Японии оказало огромное влияние на все сферы моей жизни. Этот замечательный опыт, полученный в зарубежном университете способствовал моему развитию и увеличению у меня мотивации добиваться поставленных целей в будущем. Помню, как оказавшись в таком большом мегаполисе как Токио, я почувствовала будто нахожусь в самом центре планеты и подумала про себя: «Да, среди такого количества людей мой голос тоже важен. Завтра у меня будет такая же хорошая жизнь». В будущем я бы хотела снова поехать в Японию учиться, а вернувшись в Казахстан работать в сфере торговли. Я очень рада и благодарна за все, что произошло со мной в этот год! Хочу душевно поблагодарить преподавателей КазНУ имени Аль-Фараби и университета Канадзава! Могу сказать одно, если продолжать неустанно трудиться и не сдаваться, твоя мечта обязательно сбудется!

**Амина БЕЙСЕМБАЕВА,**  
студент 4-го курса факультета востоковедения

# Дзюдодан чемпион атанған тұңғыш қазақ қызы

Әбиба Әбужақынова дзюдодан Әбу-Дабидегі Grand Slam сериясындағы турнирде қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар жақында спортшы Ташкентте өткен 2022 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Бүгінгі таңда Әбиба ҚазҰУ-дың заң факультетінде «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға. Ол – дзюдодан әлем чемпионатының жүлдегері атанған тұңғыш қазақ қызы.

Әбу-Дабидегі жарыста 48 келіге дейінгі санаттағы үшінші орын үшін күресте Әбиба Италиядан келген Асунта Скуттомен кездесіп, мерзімінен бұрын жеңіске жетті. Ташкент қаласында өткен жарыста ҚазҰУ студенті 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Франция, Бразилия және Чили спортшыларынан басым түсті.

– Бала күнгі арманым әлем чемпионы болу, биік белестерді бағындыру еді. Жұлдызға қарап

жол барлаған теңізші құсап, осы арман-мақсатымның соңынан еріп келемін. Әрбір чемпионның биіктен көрінуіне себепкер болатын – ұстазы, бапкері. Менің жеңіс тұғырынан көрінуіме бірден-бір себепкер болған бапкерлерім – Нұрбол Сүлейменов пен Мейіржан Есмағанбетов. Басқа да ұстаз, бапкерлеріме алғысым орасан зор, – деді чемпион.

Дарынды спортшы 2018 жы-



лы Бакуде өткен универсиадада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ намысын қорғап, дзюдодан күміс медаль жеңіп алған-ды. 2020 жылы ҚР чемпионатының қола жүлдегері, ал 2021 жылы ел чемпионы атағын иеленді. Әбиба – Жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушісі, сонымен қатар Еуропа кубогының күміс жүлдегері, Азия чемпионатының екі мәрте күміс жүлдегері, Азия кубогының иегері.

– Мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 2018 жылы оқуға түстім. Өмірлік ұстанымым – өз кәсібіме адал болу, ешкімнің ала жібін аттамау және барынша қарапайым болу. Ташкентте, Әбу-Дабиде өткен жарысқа қатысқаным қуанамын, қолдаушыларға дән ризамын. Осындай жетістікке жеткеніме шүкір! Десе де, алдағы уақытта алтын алуға барымды

саламын. Алтын алуға бір-ақ қадам қалды, алдыңғы жарыстарда өзімнің қателігім үшін жеңіліп қалдым. Алдағы Париж олимпиадасына бару – менің үлкен арманымның бірі. Сол үшін қазірден бал жинап, қызу дайындыққа кірісіп жатырмын, – деді спортшы.

**Нұрғалым БАЙНАЗАРҰЛЫ,  
Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы:**

– Мен ҚазҰУ-да дзюдо күресінен аға жаттықтырушымын. Әбиба университетімізде 2018 жылдан бері студент. Бірінші «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын бітірді. Бүгінде заң факультетіне ауысып, екінші мамандық алып жатыр. Қазір заң факультетінің 1-курсінде оқиды.

Ол өте талантты, еңбекқор, тәртіпті. Мен былтыр жаттықтырушылық пәнінен оған дәріс бердім. Ол сабаққа кешікпей, қалмай келетін. ҚР ұлттық құрамасындағы спортшылар көбіне сабаққа келе алмайды. Әрине, жаттығу, жарыстар болады. Түсінуге тұрарлық себеп. Ал сондай қиындықтарға қарамастан, Әбиба сабаққа келетін. Бұл оның ерекшелігі, табандылығы дер едім.

Әбиба Ташкентте, Әбу-Дабиде өткен жарыста 48 келі салмақта жүлделі 3-орын алды. Бұл тарихта болмаған жағдай. Қазақ қыздарының ішінен бұрын-соңды ешкім ондай жетістікке қол жеткізген жоқ. Мінекей, осыған куә болып отырмыз. Әбиба қызымыз сол биікті бағындырды. Бұл еліміз үшін, жеріміз үшін, бүкіл қазақ халқы үшін үлкен қуаныш. Ол алда әлі биіктерден көрінеді деп үміттенеміз. Көптеген халықаралық жарыстар басталмақ. Соның бәрінде жеңіп шығады деген сенімдеміз. 2024 жылғы олимпиадаға қатысып, алтын жүлде алуына тілектеспіз.

**Ақынқожа ЖӘНІБЕКОВ,  
PhD докторы, Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы меңгерушісінің оқу ісі жөніндегі орынбасары, қауымдастырылған профессор:**

– Әбибаның жеңістерін жаңалықтан көргелі бері бәркімізді аспанға атып, қуанып жатқан жайымыз бар. Өйткені ол заң факультетіндегі «Құқық қорғау қызметі» мамандығының студенті. «Үлгеремін» деген әрбір жан бәріне үлгереді: жұмыс та істейді, оқу да оқиды және спортпен айналысып, осындай үлкен жетістіктерге де жетеді. Әбиба басқа студенттерге үлгі бола білді. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, бәрімізді қуанта берсін!



Алуа Қуанышқызы – филология факультетінің 3-курс студенті. Сонымен қатар Республикалық «Қадыр», облыстық «Абай», «Махамбет», «Ілияс» оқуларының, көптеген мүшәралардың жүлдегері. М.Томанов атындағы стипендия иегері. 2017 жылы «Жауқазын жырым – жан сырым» жыр жинағы жарық көрген. Биыл «Асылтас» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық «100 өлең» көркем сөз оқу байқауының жеңімпазы атанып, автокөлік мінді.



## Басты бәсекелесім – өзім

– «100 өлең» республикалық көркем сөз оқу байқауы биыл үшінші мәрте өткізіліп отыр. Ең алғаш байқауда өткен жылы бақ сынап, финалдық кезеңде сүрінген едім. Биыл сол қателіктерді жібермеуге тырыстым. Бұл байқау ерекше. 100 ақынның 100 өлеңін жаттаған әр қатысушының рухани байып, таным көкжиегі кеңейе түсері хақ. Десе де, 100 өлеңді жаттап жеңімпаз боламын деу жаңсақ пікір. Себебі бұл байқауда мәнер, мәдениет, дауыс ырғағы, шеберлік сынға тү-

седі, – дейді талантты студент.

Сайысқа қатысуға 300-ден аса үміткер өтініш білдірген. Онлайн іріктелген қатысушы саны – 22. Үш кезеңде сыналу барысында финалдық кезеңге алты өнерпаз жолдама алды. Суперфиналда үш қатысушы бақ сынап, кейіпкеріміз қара үзіп, оқ бойы оза шапты.

– 100 өлеңнің әр кезеңінен мүдірмей өтіп, жеңімпаз атану оңай емес, әрине. Дайындықты айтпағанның өзінде, байқау кезінде сахнадағы қиындыққа төтеп берудің өзі

зор ерік-жігерді талап етеді. Сахнада түрлі сезімді бастан кешесің. Ондағы атмосфераны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қобалжу да, үрей де болады. Бастысы – өз-өзіңді жеңе білу. Мен байқау барысында былтырғы Алуамен жарысумен болдым. Сол кездегі қателікті қайталамауға, жеңіс тұғырынан көрінуге барымды салдым. Жақындарымның қолдауы маған зор күш берді. Мені жеңіс тұғырына бастаған басты мотивация – жақындарымның маған деген сенімі, – деді көркем сөз оқу шебері.

## ҚазҰУ қолдауы жігерімді жани түсті

Әділ Әбенов – заң факультетінің «Құқық қорғау қызметі» мамандығының 1-курс студенті. Он бір жасынан бастап АТФ таэквондо федерациясында спортпен шұғылдана бастады.

Спорттық мансабында Қазақстан Республикасының ашық чемпионатында үш рет жеңімпаз болды. 2017 жылы Санкт-Петербургте өткен «Солтүстік Пальмира» ашық халықаралық турнирінің күміс жүлдегері. 2018 жылы Санкт-Петербургте ТМД чемпионы, 2018 жылы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылы Ташкентте өткен «Шығыс жұлдызы» халықаралық турнирінің чемпионы атанды. Биыл Амстердамда өткен әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болды.

– Әлем чемпионаты сәтті өтті. Маған ел-жұрттың қолдау көрсеткені және жаттықтырушыларымның сенім білдіріп, берілмеуге



ынталандырғаны қанат бітірді. Бұл менің әлем чемпионатындағы алғашқы бәсекем, үлкен тәжірибе болды. Меніңше, бұл – спорттық мансабымның әлі бастауы. Бұйыртып, әлем чемпионы атанып, халықаралық спорт шебері болуды көздеймін. Әлі де талпынып, шыңдала түсу керек деп ойлаймын. Бұл соңы емес. Келесіде тек 1-орын алатыныма сенімдімін. Факультеттегі ұстаздарым жарысқа дайындалуыма түсіністікпен қарап, тілекші екендерін білдірді. Негізі, оқу үлгерімім тамаша,

оқуды спортпен ұшастырып үйреніп қалдым. Маған қолдау көрсеткен университетіме, оқытушыларыма алғыс білдіремін және олардың қолдауы жігерімді жани түспек, – деді жас спортшы.

Қазіргі таңда таэквондошы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың спорт клубы қабырғасында жаттығуын жалғастырып, шеберлігін шыңдап, халықаралық турнирлерге, Азия, әлем чемпионаттарына дайындалу үстінде. Жас спортшының болашақта биік белестерді бағындыруына тілекшіміз.

# «Аударма ісіне үлес қосқым келеді»

**Әуелгі есімі Пың Дәнлиң (彭丹玲) қазақ топырағына алғаш табаны тиіп, мемлекеттік тілді үйрене бастағанда кәріс қызы оған Дана деп ат қойған. Ол да Кореядан келіп, қазақ тілін үйренген.**

Көптеген шетелдіктер, әсіресе қытайлар, Орталық Азиядағы елдерге келер алдында орыс тілі курсына барады. Өйткені олар «орыс тілін білсең, сол аймақтың бәрінде еркін жүресің» деген танымда.

2016 жылы қараша айында Хынан өлкесі Чняң қаласынан келген қаршадай қыз Пың Дәнлиң Қазақстанда тек қазақша үйренуге бел буған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дайындық факультетіне оқуға түсіп, арманына біртәбан жақындайды. Данаға сол жерде кәріс қызы кездесіп, қазақша ат

қояды. Бағына қарай, аталған факультеттің доценті Гүлбағиза Мұсаева қазақ тілін үйретеді. Алғашында Дана қатты қиналады, әке-шешесін сағынады. Сол кезде шетелдіктерге қазақ тілін үйретуге бағытталған бірнеше оқу құралының авторы Гүлбағиза апай қыздың жағдайын байқап, жаны ашып, барын салып тіл үйретеді. Сөйткен Дана асханаға барғанда алғаш рет қазақша сөйлеп, түскі ас ішті. Сол кезде өзіне-өзі разы болып қуанды.

Ол түннің бір уағына дейін қазақ тілі сабағын оқитын. Жазу жазғанды тумысынан ұнатпайтын Дана талай рет қолын бір сілтеп, тастап кетуге ниеттенді. «Менен ештеңе шықпайды» деп, талай күнді күлкісіз, түнді ұйқысыз өткізеді.

Гүлбағиза апай оның қиналысын сезіп, жүрегіндегі өшкен отты қайта маздатуға тырысты. «Қазақтың қанша баласы қытай тілін оқып жа-

тыр» деп, шығыстану факультетінің Қытайтану кафедрасына ертіп барып, көзін жеткізді. Қазақ, орыс ұл-қыздарының қытай тілін көдімгдей меңгергенін көрсетті. Осыдан соң Дана қазақ тілін үйреніп жүргені жайлы түс көре бастады. Күн сайын жаңа сөз жаттап, тілді жетік меңгеруге талпынды.

Сөйтіп, екі жыл дайындық факультетінде оқыған Дана Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің Қытайтану кафедрасының аударма ісі мамандығына, қазақ бөліміне оқуға түсіп, жақсы нәтижемен диплом қорғап шықты. Бүгінде осы факультеттің магистратурасына түсіп, қазақ бөлімінде аударма мамандығының қыр-сырын меңгеруде. Арманы – қазақ-қытай руханиятына аударма ісі арқылы үлесін қосу.

**Нұрхалық АБДЫРАҚЫН,**  
Қытайтану кафедрасының  
аға оқытушысы

**Еңбек нарығының талаптарына сай, білікті, құзыреттілік пен дағдыларды меңгерген, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл талап мамандықты дұрыс таңдай білуге, өмірлік жолыңды айқындауға тікелей байланысты.**

Мамандық туралы жеткіліксіз білу мамандық таңдауда кездейсоқтыққа, нәтижесінде «селқос» мамандардың қалыптасуына әкеп соқтырады. Өз таңдауын дұрыс жасаған және белгілі бір салада ынта-жігермен білім алатын қазіргі жастар еліміздің ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуына, экономикалық өсуіне, қоғамдық әл-ауқаттың артуына

## Жастарға кәсіби бағдар береміз

серпін беретін маңызды стратегиялық ресурс. Сондықтан жоғары оқу орындары мен орта мектептер арасында кәсіби бағдар жұмыстарының өзектілігі артады.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің Экономика кафедрасы 8-11 сынып оқушылары арасында «Менің арманымдағы Қазақстанның болашағы» атты республикалық эссе байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу, дарынды оқушыларды іріктеу және қолдау, жастардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерге қызығушылықты дамыту, мектептермен

академиялық және ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту.

Қазақстанның жеті өңірінен (Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Абай облысы, Алматы облысы, Павлодар облысы) барлығы 43 жұмыс келіп түсті. Жұмыстар үш тілде қабылданды, олардың 40 пайызы орыс тілінде, 35 пайызы қазақ тілінде, 25 пайызы ағылшын тілінде жазылған.

Экономика кафедрасының оқытушылары арасынан конкурстық комиссия құрылып, ол мынадай критерийлер бойынша үздік жұмыстарды таңдады: ерекшелігі, өзіндік пікірі, логикалық сөйлем құра білуі, сауаттылығы.

### Эссе байқауының нәтижелері

**I орын** – Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы облыстық мамандандырылған IT мектеп-лицейінің 8-сынып оқушысы Ескендір Омарбеков;

**II орын** – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы №1 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Мәлік Ізімбергенов;

**III орын** – Павлодар облысы, Екібастұз қаласы «Зерде» дарынды балаларға арналған мектебінің 9-сынып оқушысы Алина Оразбекова.

**IV орын** – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы №1 орта мектебінің 9-сынып оқушысы Айжан Марат;

**V орын** – Алматы қаласы

№46 гимназияның 10-сынып оқушысы Илона Федорова;

**VI орын** – Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы №19 орта мектебінің 8-сынып оқушысы Фатима Кенізбаева;

**VII орын** – Абай облысы, Семей қаласы №35 орта мектебінің 9-сынып оқушысы Еркежан Ақашева.

Жеңімпаздарға атаулы дипломдардан бөлек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ логотипі бар сыйлықтар табыс етіліп, байқаудың барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталды.

**Ғалия ДӘУЛИЕВА,**  
Экономика кафедрасының  
меңгерушісі

**Жансая ТЕМІРБОЛАТОВА,**  
Экономика кафедрасының  
аға оқытушысы



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ  
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



### «ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

**Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,  
«QAZAQ UNIVERSITETI»**

**газетіне жазылуды ұмытпаңыз!**

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486  
+7 747 325 6874

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universiteti» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.